

МЕКТЕПТЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС- ӘРЕКЕТТІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Құдайбергенова Ә.М. Жалпы және этникалық педагогика
кафедрасының аға оқытушысы
Атымтаева Ақерке «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
мамандығының 4 курс студенті

Әлеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекетінің нақты саласы өте кең әрі саналуан. Ол бағытталған нысанға байланысты әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің ерекше сан түрлілігінен тұрады. Әлеуметтік педагогтың қызметі қазіргі қоғамда маңызды орындардың бірін алады. Себебі, ғалымдар атап көрсеткендей, өсуші ұрпақтың мемлекеттік институттарға сенімділігінің төмендігі, әлеуметтену тетіктерінің бұзылуы мен жастар ортасында ассоциалды тенденциялардың өсуі, халық арасында кері құбылыстардың өсуі (нашақорлық, маскүнемдік, құқық бұзушылық және т.б.), тұлғаның әлеуметтенуінің басты институттары ретінде отбасы мен білім беру мекемелерінің тәрбиелік әлеуетінің төмендеуі бірден - бір әлеуметтік педагогтардың әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетінің маңыздылығын көрсетеді. Сол себепті де, маманның шешетін мәселелер аясы әртүрлі болып табылады.

Шет елде кәсіби әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің пайда болуының басты себебі Еуропа мен Америкадағы ғылыми технологиялардың жедел дамуы мен өндірістің ұлғаюына негізделген әлеуметтік-мәдени үрдістер болды. Өз кезегінде, ол урбандалу, халық миграциясы, кіріс деңгейі төмен халықтың өсу үрдістерін туырды, ол қылмыс деңгейінің, балалар мен жасөспірімдер арасында қараусыз қалушылық, теріс мінез-құлық және басқа да жағымсыз салдарлардың артуына алып келді.

Бұл үрдістер қиын жағдайға ұшырағандарға әлеуметтік көмек көрсетуге қабілетті мамандардың кәсіби қызметінің қажеттілігін тудырды. Сәйкесінше, оларды дайындау үрдісінің ғылыми-теориялық негізі қажет болды. Қолданбалы филантропия аясында М. Ричмондтың бастауы бойынша 1898 жылы алғашқы ұлттық мектеп құрылды. Оның міндеті сәйкес саладағы мамандарды даярлау болды. М. Ричмонд клиентке жеке ыңғай негізіндегі әлеуметтік жұмыс әдістерінің ғылыми негіздерін салды [1].

Тұлғаға әлеуметтік көмек көрсету мәселесіне ғылыми негіз беруге философиялық және әлеуметтанулық зерттеулерде кең таралған функционалды концепция үлкен әсер етті. Бұл бағыт өкілдерінің (Р.Мертон,

Т.Парсонс және т.б.) басты назары қоғамды ұйымдастыруды талдау, өзіндік реттеу және жүйелердің тепе-теңдігін сақтау болып табылды. Сонымен қатар, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет клиенттің өмірлік қамсыздық қажеттіліктеріне қолдау көрсетуге бағытталған өзіндік міндеттері, қызметтері бар кең әлеуметтік жүйенің бөлігі ретінде қарастырылады.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет – ол білім беру және тәрбие құралдарымен қамтамасыз ету, индивидке адамзаттың әлеуметтік тәжірибесін беру және игеру, әлеуметтік бағдар, әлеуметтік қызмет етуге ие болу немесе қалпына келтіру.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетке білім беру, оқыту және тәрбие беру, әлеуметтік-мәдени бағдарламалар мен қоғамдық мұраны қабылдау мен тасымалдау үрдерістері жатады [2, 23 б.].

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет – қолайлылықты, қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін қоғамдық қажетті қызмет түрі.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің негізі – оқиғалы - диалогтік сипаттағы адамның адаммен тілдесуі. Ол – әртүрлі дүниетамы, тәрбие жүйелері, ділі, мінез-құлқы бар адамдармен кездесу. Әлеуметтік жұмыс бірігушілік сипатқа ие, ол – өзара қарым-қатынас.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің ұстанымдарына тоқталсақ, ол келесідей көрініске ие:

1. Гуманистік тұғыр: адам – қоғамның жоғарғы құндылығы, оның тең құқылы мүшесі.
2. Жеке тұғыр: жеке физикалық, психологиялық, жастық ерекшеліктерді есепке алу.
3. Әлеуметтік ұстаным: адам әлеуметтенуінің барлық үрдістері, тұлғаның барлық қырлары әлеуметтік тұрғыдан анықталған.
4. Іс-әрекеттік тұғыр: қазіргі уақыттағы еңбек бөлінісін, қоғамдық қарым - қатынас формаларының дамуын, әрбір жастық кезеңдегі жетекші қызметтің рөлін есепке алу.
5. Даму ұстанымы: адам – ішкі қайшылықтары бар динамикалық білім. Осыған байланысты әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет кезеңдік-деңгейлік сипатқа ие, кезеңдерді айыра білу, адаммен жұмыс істеудің келешегін көре білу, күтпеген жайттарға дайын болу қажет.
6. Көпөлшемді-диалектикалық тұғыр: диалектиканың сыртқы және ішкі, жалпы және ерекше, кездейсоқ және қажетті, ықтимал және нақты, мазмұн және формасының есебі қажет [3].

Қазіргі кезде балалар мен жасөспірімдердің құқығы мен қызығушылықтарын қорғау үшін әлеуметтік - педагогтардың қызметтері және соның салдары ретіндегі әлеуметтік - педагогикалық іс - әрекеттердің

қажеттілігі туды. Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет мектеп оқушыларының биологиялық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететіні белгілі.

Осыған байланысты жалпыға ортақ білім беретін мектептің әлеуметтік рөлі өсе түсті, оған жаңа міндеттер де берілді:

- а) әлеуметтік білімдер мен біліктіліктерді қалыптастыру;
- б) мінез-құлық пен әлеуметтік байланыстарды әлеуметтік-педагогикалық түзету;
- в) кері мінез-құлықты әлеуметтік -педагогикалық тұрғыдан алдын алу;
- д) әлеуметтік институттардың өзара байланысын ұйымдастыру [4].

Бұл міндеттерді іске асыру қазіргі уақыттағы қалыптасушы әлеуметтік педагогтар институтының дамуына септігін тигізеді. Әлеуметтік педагогтар институтының қызметінің нәтижесі әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттердің іске асу деңгейімен анықталады.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет әлеуметтік-педагогикалық технология түрінде жүзеге асуы мүмкін. Әлеуметтік-педагогикалық технология – алдыңғы тәжірибе немесе белгілі бір әлеуметтік-педагогикалық мақсатқа қол жеткізудің айқындалған және негізделген тәсілдердің негізінде қалыптасқан технологиялардың бірі. Жалпы, технология – ол қандай да бір іс, шеберлік, өнерде қолданылатын әдістердің жиынтығы.

В.П. Беспальконың көзқарасы бойынша, кез келген іс-әрекет – ол технология не болмаса өнер. Өнер түйсікке, технология ғылымға негізделген. Түйсік әлеуметтік педагогқа аса қажет, себебі педагогтың туындайтын түрлі оқиғаларға жауап қату мен мінез-құлықтың тиімді нұсқасын есептеуге әрдайым уақыты бола бермейді. Алайда әлеуметтік педагогика ғылым ретінде тұжырымдалады, сондықтан әлеуметтік педагогтың іс-әрекет бағыттарының саны арта түсуде. Осыған байланысты әлеуметтік педагогке қалыптасқан технологияны таңдауға не болмаса нақты бір жағдайға арналған арнайы технологияны жасаудың негізін ұғыну маңызды, яғни, ол келесілерді анықтауды білдіреді:

- өзінің күшінің мақсатын;
- оны іске асыруға қажетті жағдайлар;
- бала, жасөспірімнің ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін;
- социум, шағынсоциумның (мектеп, сынып, отбасы және т.б.) мүмкіндіктері мен ерекшеліктері;
- ықтимал формалар мен оны іске асыру әдістері;
- алға қойылған мақсатқа қол жеткізудің уақытша мүмкіндіктері.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының әртүрлі бағыты әртүрлі деңгейде технологияға ұшырайды.

Әлеуметтік технологиялар – өмір сүру шартымен қоғамның дамуын, қоғамдық қатынастарды, әлеуметтік құрылымды қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік мәселелерді шешу әдістері, оның мақсаты – қоғам мақұлдаған құндылықтар жүйесі мен қоғамдық прогресс пен экономикалық даму арасындағы өзара байланыс есебімен адамның қажеттіліктерін қамтамасыз ету, оның әлеуметтік қабілеттіліктері мен қызығушылықтарын жүзеге асыруға жағдайлар жасау.

Мектептегі балалармен әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің басты бағыттары:

- оқумен, баланы тәрбиелеумен байланысты мәселелерде отбасыға көмек көрсету;
- сабаққа қатысу мен үлгерімділігіне кері әсер ететін себептерді жоюға көмек көрсету;
- балалар, ата-аналар, қоғамдастықтарды ұйымдарға және әлеуметтік маңызды іс-шараларды, акцияларды жүргізуге еліктіру;
- баланың қызығушылықтарына қатысты шиеленістерді тану, болжау және шешу;
- педагогтерге балалармен жанжалды шешуде көмек көрсету [5].

Балалар мен жасөспірімдердің құқығы мен қызығушылықтарын қорғау үшін әлеуметтік-педагогтардың қызметтері және соның салдары ретіндегі әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттердің қажеттілігі туып, бүгінгі уақытта маңызды орынға ие.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Абрамовски Н.В. Сущность и особенности социально-педагогической деятельности // Народное образование. Педагогика. 2010. Т.12. №6. С. 9-12
2. Бочарова В.Г. Социально-педагогическая деятельность как научная категория. М.: Наука, 2002. С. 56
3. Шакурова М.В. Методика и технология работы социального педагога. М.: Изд. Центр «Академия», 2002. С. 272
4. Шептенко П.А., Воронина Г.А. Методика и технология работы социального педагога. М.: Изд. Центр «Академия», 2002. С. 208
5. Гуров В.Н. Опыт организации социально-педагогической работы // Педагогика. -1993. -№4. –С. 54-56